

Информатика. 8-сынып

Continue циклін басқару

1-тапсырма. Латын әріптерінен құралған S жол берілген. Осы жолдағы барлық «D», «d» әріптерін өшіріп, жолды экранға шығару. Өшірілген бөліктерді қалпына келтіріңіз.

```
s = input('s=')
for ... in ...:
    if i==' ... ' or i==' ... ':
        continue
    print(i, end="")
```

Мысалы	Нәтиже
Dalada Dana dop oinady	alaa ana op oinay

2-тапсырма. K мен P аралығындағы соңғы цифры t-ға тең сандарды экранға шығаратын программа кодын құру.

```
... = map(int, input().split())
for i in range( ... , ... ):
    if i ... 10 != t:
        ...
    print(i, end=' ')
```

Мысалы	Нәтиже
10 39 7	17 27 37

3-тапсырма. N натурал саны берілген. Сол санда кездесетін барлық P цифрын өшіріп таста. Санды кері ретпен экранға шығаратын программа кодын құру. Бағдарлама жолдарының қызметін тұсына қойыңыз.

Мысалы	Нәтиже
2547585 5	8742

n, p = map(int, input().split())		Цикл басына ауысу
while n != 0:		Айнымалы мәндерін бір жолға енгізу
k = n % 10		Шартты тексеру
n = n // 10		Санның бүтін бөлігі
if k == p:		Санның қалдығы
continue		Мәнді шығару
print(k, end="")		Нөлге тең болмаса